



010000, Нұр-Сұлтан к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-36, факс: 55-72-94

№
10.11.2020 № 6 ге

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-36 факс: 55-72-94

**Тұрақты комиссияның
2020 жылғы 10 қарашадағы
Қаулысы**

**Құқықтарды қорғау жөніндегі
бастамашыл топтың басшысы
М.С. Бөлекбаевтың өтінішін
қарау туралы**

Бланк серийлық немісіз жетекшілік
Бланк без серийного номера не действителен

Нұр-Сұлтан қаласының мәслихатында қалалық мәслихатқа тұтынушылар құқықтарын қорғау жөніндегі бастамашыл топтың басшысы М.С. Бөлекбаевтан келіп түскен өтінішті (бұдан әрі – Өтініш) жан-жақты және негізделген түрде қарау мақсатында Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысы (бұдан әрі – Отрысы) өтті.

Өтінішке сәйкес елордада электр энергиясын беру функциясын «Астана – Аймақтық электр желілері компаниясы» АҚ (бұдан әрі – Астана-АЭК) жүзеге асырады, оның 100% үлесі елорда әкімдігіне тиесілі. «Астана-АЭК» үшін монополияға қарсы орган кВт/сағат үшін 3,25 теңге мөлшерінде тариф бекітті. Сонымен қатар, қаланың жекелеген бөліктерінде (шамамен 30%) электрэнергиясын «Ақмолаэлектрарату компаниясы» АҚ жеке компаниясы (бұдан әрі – АЭТК) параллельді түрде тасымалдайды, оның тарифі жергілікті тарифтен әлде қайда жоғары және кВт/сағат үшін 4,85 теңгені құрайды. Жеке компанияның шығындарын ескере отырып, нәтижесінде түпкілікті тұтынушыларға бір кВт/сағат үшін 11,93 теңге көлемінде ұсынылады.

Осыған байланысты қалалық мәслихат депутаттары елорда әкімдігінің уәкілетті органдарының және табиғи монополиялар ұйымдарының тиістікілдерін тындады.

000105

Осы отырыс барысында тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі бастамашыл топтың төрағасы М.С.Бөлекбаев тындалды, ол электр энергиясының тарифінің сәйкесінше төмендеуі кезінде тұтынушының, әр абоненттің шығындары жылына 22000 теңгеге аз болатынын мәлімдеді. Сондай-ақ, М.С. Бөлекбаев Астана қаласының мамандандырылған ауданааралық әкімшілік сотының 2019 жылғы 26 тамыздағы қаулысымен бекітілген "Астана-ЕРЦ" ЖШС-нің әкімшілік құқық бұзушылық жасауына ықпал еткен мәнжайларды айтты, оған сәйкес "Астана-ЕРЦ" ЖШС мен "Астанаэнергосбыт" ЖШС арасында шарттық қатынастар жоқ, сонымен қатар ұйымдар басшыларының ауызша келісім негізінде "Астанаэнергосбыт" ЖШС БТҚ жалпы көлемінің кемінде 30% жеткізу арқылы серіктестікке көмек көрсетеді - бұл 33 бақылаушының жүктемесі болып табылады. Ал «Астанаэнергосбыт» ЖШС тарифтік сметасында ЕРЦ қызметтер құны индикаторы қарастырылмаған, дегенмен, «Астанаэнергосбыт» ЖШС түбіртек-шотты жеткізуге 33 бақылаушы бөледі, тарифтік сметада өндірістік персоналдың жалақысына шығындар қарастырылған.

Осылайша, жоғарыда аталған сот қаулысынан, «Астана-ЕРЦ» ЖШС табиғи монополия ұйымдарымен тең шарттарға БТҚ басып шығару, өндөу және жеткізу үшін әртүрлі шарттар мен бағаларды қолданады, яғни, монополиялық жағдайды асыра қолданады.

Отырыс барысында қалалық мәслихат депутаттары тұрғындар арасында тарифті қалыптастыру, атап айтқанда тарифтік құрылымның қандай құрамдас бөліктерден тұратынын, мемлекеттік мүлікті ұрлау және оның бүліну фактілерін жою туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігін атап өтті. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар ұрлықтың, инфрақұрылымның (кабельдердің жәнет.б.) закымдануы нәтижесінде туындаған шығындарды, оларды тарифке қосу арқылы қалпына келтіреді, осылайша қала тұрғындары тиісті тарифтерді төлеу арқылы инфрақұрылымды салуға, қалпына келтіруге қатысады және бұл жағдайлар, сондай-ақ халықтың назарына ұсынылуы керек.

Отырыста «Астана-ЕРЦ» ЖШС ұсынатын қызметтерді цифрандыру мәселелері қаралды. Депутаттар бүгінде қолда бар жаңа технологияларды, мәліметтер базасын қалыптастыру жағдайларын ескере отырып, «Астана-ЕРЦ» ЖШС ұсынатын қызметтерден бас тарту мүмкіндігін қарастырып, тиісті қызметтерді алудың жаңа деңгейіне көшу қажетекендігін атап өтті.

Жоғарыда баяндалғанды ескере келе, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Нұр-Сұлтан қаласындағы Табиғи монополияларды реттеу департаментіне (келісім бойынша):

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен электр энергиясының шекті тарифінің өсуіне ықпал ететін фактілерді қарастыру және зерделеу ұсынылсын;

электр энергиясына шекті тарифті арттыруға ықпал ететін фактілерді зерделеу жөніндегі жұмыс тобын құру.

«Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ, «Астана – Аймақтық электр желілері компаниясы» акционерлік қоғамына:

жүктелген функциялар мен міндеттер шеңберінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен электр энергиясына тарифтің өсуіне жол бермеу бойынша шаралар қабылдау;

елорданың коммуналдық мүлкін, соның ішінде инженерлік коммуникацияларды, электр желілерін және т. б. сақтау бойынша бақылауды қүшейту;

тұрақты негізде елорда тұрғындары арасында электр энергиясының тарифін, оның құрамдас бөліктерін қалыптастыру, ұрлық, коммуналдық менишікке зиян келтіру фактілерін жою және алдын алу қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу ұсынылсын.

«Нұр-Сұлтан қаласының Цифрлық және мемлекеттік қызметтер басқармасы» мемлекеттік мекемесіне:

«Астана-ЕРЦ» ЖШС-мен көрсетілетін қызметтерді халыққа электронды форматқа ауыстыру мәселесін пысықтау, сондай-ақ тиісті қызметтерді ұсынудың басқа баламаларын қарастыру ұсынылсын.

«Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ, «Астана-ЕРЦ» ЖШС, ТОО «Астанаэнергосбыт» ЖШС:

Астана қаласының мамандандырылған ауданааралық әкімшілік сотының 2019 жылғы 26 тамыздағы қаулысымен белгіленген Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы монополияға қарсы заңнамасына қайшы мән-жайлар мен бұзушылықтарды болғызбау ұсынылсын.

«Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ, «Астана – Аймақтық электр желілері компаниясы» акционерлік қоғамына:

Астана-АЭК-тің 2020 жылғы 28 желтоқсанға дейінгі мерзімде мүліктің бүлінуіне, тиісті инфрақұрылымды қалпына келтіруге байланысты шығындарды жөніне келтіруге жыл сайын жұмсалатын ақша қаражатының санына қатысты ақпарат беру;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті электр желілерін иесіз деп тану жөніндегі жұмысты одан әрі белсенді жүргізу ұсынылсын.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы

М. Шекенов